



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 шілдедегі N 847 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 17 наурыздағы N 335

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасында заңгерлік білім берудің сапасын арттыру және одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 шілдедегі N 847 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 30, 276-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

екінші және төртінші абзацтар алынып тасталсын;

3-тармақтың күші жойылған деп танылсын;

4-8-тармақтар 3-7-тармақтар болып есептелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі